

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының**№ 3 хаттамасы**
Наурыз 2022 жылҚатысқандар: 47**Күн тәртібінде**

1. Әдеп кеңесінің жұмысын қорытындылау, алдағы жылға міндеттер қабылдау/ кеңес төрайымы М.Ж.Асанова/
2. Мектептегі ішкі тәртіп ережесінің сақталуы туралы/кеңес мүшесі С.М.Нұрмағамбетова/
3. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары /кеңес мүшесі: А.Т.Бектлеуова/

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы М.Ж.Асанова:**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі: С.М.Нұрмағамбетова**

Мектепте оқушылар өзара және үлкендер арасында рухани – адамгершілік нормаларын сақтайды. Адал әрі өзінің және өзгенің ар-ождан қағидаларын биік ұстайды.

Ереженің мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау.

ОҚУШЫЛАР: мектеп Жарғысын орындауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің еңбегіне құрметпен қарап мектепшілік Ережені сақтауға міндетті. 1. Жалпы ереже

1.1. Мектепте оқушылар өзара және үлкендер арасында рухани – адамгершілік нормаларын сақтайды. Адал әрі өзінің және өзгенің ар-ождан қағидаларын биік ұстайды. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесінде:

білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогтерінің білім алушылармен және тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынасы;

оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;

білім беру ұйымдарының еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жағдайлары;

ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

білім беру ұйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, сабақтардың арасындағы үзілістер;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.

6. Білім беру ұйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру ұйымының ішкі тәртібіне қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді. Бұл Ереже мектеп ғимараты мен аумағына оқушылардың тәртібін белгілейді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі: А.Бектлеуова

Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болуы тиіс.


Кеңес шешімі:

1/ Оқушылар мен кәсіби- педагогикалық қарым-қатынасын жақсартуын және сенім білдіру үшін ықпал етілсін.

2/ Әдепті педагог ережелері сақталсын

3/ мінез-құлық мәселелерін болдырмаудың пәрменді тәсілдері орындалсын.

Кеңес төрайымы:



М.Ж.Асанова:

Хатшы:



Г.А.Анишова